

МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАТЫСЫМНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ, НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ МЕН СИПАТТАМАСЫ

*Оразбаева А.С.¹

*¹Магистр, аға оқытушы,
аль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан,
e-mail: Alima.oralbayeva@gmail.com

Аңдатпа. Ұсынылып отырған мақала қазіргі таңда адам өмірінің қажетті әрі маңызды алғышартына айналып отырған, тіл үйренуде, түрлі мәдениеттермен байланысқа түскенде бетпе-бет келетін ұғым мәдениетаралық қатысым, оның түрлерін, сипатын қарастырып талдайды. Мәдениетаралық қатысым немесе коммуникация, оның негізгі екі түрі вербалды және бейвербалды коммуникация сипаты, ерекшеліктері, айырмашылықтары, мәдениетаралық коммуникативтік құзіреттілік сияқты осы саланың өзекті мәселелерін қарастырады. Аталмыш тақырып аясында көптеген еңбектер жазылып, зерттеулер жасалып жүр. Біздіңде сол салаға үлес қосып, зерттеуді практикалық жақтан зерделеп, қарапайым тілмен ғылыми ұғымдарды суреттеп көрсету. Мақаланы жариялау мақсаты – шет тілдік мамандықтарда мамандар даярлауда тиімді мәдениетаралық қатысым жасау үшін ескерілуі тиіс маңызды белгілер, сипаттар, алғышарттарды талқылап, ара жігін ашып, осы коммуникация түрін тиімді қолдана білу үшін кеңестер ұсыну. Мақалада мәдениетаралық құзіреттілік, мәдениетаралық коммуникативтік құзіреттілік сияқты терминдер қарастырылады, мәдениетаралық қатысымның негізгі екі түрі ретінде қарастырылатын вербалды және бейвербалды коммуникацияларды қалай бір-бірінен ажыратамыз, олардың қайсысы коммуникацияның тиімді болуына ықпалы зор екенін ашуға тырысамыз.

Мақалада берілген зерттеу нысанын талдау барысында суреттеу, жүйелеу, салғастыру және салыстыру, сұрыптау, жинақтау, прагматикалық талдау әдістері қолданылды. Зерттеудің әдіснамасы мәдениетаралық қатысым теориясын зерттеген ғалымдар мен еңбектерді аналитикалық тұрғыдан шолу жасауға негізделген. Мақалада қарастырылып отырған тақырып, зерттеу нысаны теориялық және практикалық тұрғыдан маңызды, оның себебі мәдениетаралық қатысым теориясы мен практикасы, мәдениетаралық қатысым негіздері пәндерін оқып үйренгенде студенттерге, білім алушыларға осы тақырып аясында нақты әрі түсінікті көмекші құрал болмақ.

Мақалада мәдениетаралық қатысым, мәдениетаралық коммуникативтік құзіреттілік, вербалды және бейвербалды коммуникация терминдеріне анықтама беріліп, олардың негізгі сипаттамалары, тиімділік дәрежесі анықталды, бұл өз кезегінде жұмыстың нәтижесі болып саналады. Коммуникация барысында вербалды және бейвербалды коммуникация түрінің қайсысы тиімді екені коммуникация сипатына, ресми немесе бейресми болғандығына, ақпарат берушінің ойы, жоспары, ниетіне байланысты, коммуникант қай коммуникация түрін таңдайтынына байланысты болатындығы жайлы практикалық кеңестер берілді. Мақалада талданған тақырыпқа сай ұғымдар студенттерге, магистранттарға мәдениетаралық қатысым теориясы мен практикасын оңай меңгеруге, семинар сабақтарында тақырыпты ашуға, коммуникация түрлерінің айырмашылықтарын сезінуге, екі коммуникацияның негізін айқындауға көмек қолын ұсынатын құнды жұмыс.

Тірек сөздер: мәдениетаралық қатысым, мәдениетаралық құзіреттілік, вербалды коммуникация, бейвербалды коммуникация, мәнмәтін, мәдени таңбаланған тілдік бірліктер, дене қимылы, ым-ишара.

Негізгі ережелер

Мәдениетаралық қатысым немесе әртүрлі мәдениеттер мен мәдени ортадағы адамдар арасындағы қарым-қатынас әрқашан адамдардың жер бетінде бірге өмір сүруінің маңызды алғышарты болған және солай болып қала бермек. Қазіргі уақытта мәдениет, мәдениеттер арасындағы айырмашылық, мәдениетаралық қатысым сияқты ұғымдар маңызды болып отыр. Мыңжылдықтан кейінгі тұрғын ретінде біздің өзге ұлт өкілдерімен, өзге мәдениетпен бетпе-бет келіп қарым-қатынас жасау қажетті болып отыр. Мәдениетаралық қатысым адам өмірінің барлық салаларында дерлік орын алып отыр, оған дәлел көршілес елдермен шекаралас болу, бетпе-бет өзара әрекеттесулерде, бизнесте, саясат пен бұқаралық ақпарат құралдарында, саяхат жасауда ешқандай шекара болмай бөгде мәдениетпен қарым-қатынас жасауға тұра келіп тұр, сондықтан мәдениетаралық қатысымды үйреніп, оның қыр-сырын білгеннен асқан нәрсе болмай тұр, таңдауда жоқ. Мәдениетаралық қатысым жаңа қалыптасқан ұғым емес, ол адамзат баласы сауда жасап, шекара асып, түрлі жорықтар жасай бастағанда пайда болған. Дегенмен, соңғы 30 жыл ішінде адамдар коммуникация процесіне мәдениеті әртүрлі адамдарды қатыстырғанда, мәдениетаралық байланыстарда нақты не болатынын жүйелі түрде зерттеуді бастады. Мұнда да, шетелде де адамдар мәдени әралуандылықты өмір шындығы деп қабылдады. Олар енді адамдар қатысым жасағанда бұл әртүрлілік қалай болатынын білгісі келді. Зерттеудің мұндай арнаға ауысуы прагматикалық себептермен байланысты. Осы қажеттіліктерден мәдениетаралық қатысым туралы оқып, оны ұғыну заман талабы бола бастады, мәдениетаралық қатысым күзіреттілігін әрбір адамзатта дамыту алдыңғы арнаға шықты.

Кіріспе

Мәдениетаралық коммуникация дегеніміз түрлі мәдениет өкілдерінің қарым-қатынас жасауы, мұнда міндетті түрде қатысушылардың бірі басқа тілде сөйлейтін болып келеді. Ағылшын тілінің рөлі өсіп тұрған таңда мәдениетаралық коммуникацияның вербалды қамтамасыз ету қажеттігі туады, яғни, жеке байланыстар жасау, телефонмен әңгіме жүргізу, хат-хабар алмасу, презентациялар, мәжілістер, келіссөздер өткізу, конференциялар мен семинарларға қатысу. Тіл - әр халықтың айнасы ретінде және мәдениет көрінісі ретінде мәдениетаралық байланыста делдалдық сипатқа ие [1].

Мәдениетаралық құзыреттілік – бұл басқа мәдениет өкілдерімен табысты әрі нәтижелі қарым-қатынас жасау қабілеті. Бұл қабілет жас кезден бастап қалыптасуы мүмкін немесе ерік-жігер мен біліктіліктің арқасында дамып, жетілдірілуі мүмкін. Мәдениетаралық құзіреттілікті бағалаудың мақсаты адамның оған қабілеті немесе әлеуеті бар-жоғын анықтау болып табылады. Мәдениеттер континенттер немесе ұлттар арасында ғана емес, сонымен бірге бір компанияда немесе тіпті отбасында да әртүрлі болуы мүмкін: әр адамның өз тарихы, өз өмірі, демек, өз мәдениеті, мәдени қатысы (географиялық, этникалық, моральдық, діни) бар, саяси және тарихи).

Мәдениетаралық құзыреттілік адамның өз мәдениеті туралы хабардар болуын, тіл мен мәдениеттің қарым-қатынасын түсінуін және мәдениеттерді зерттеу, талдау және салыстыру тәсілдері туралы түсінік беруді қамтиды [2, 189 б.].

Мәдениетаралық құзыреттілік – адамдардың әлеммен өзара әрекеттесуін орынды және тиімді басқару. *Мәдениетаралық құзыреттілік* – 1) топтық шекаралар немесе ұлттық, географиялық, тілдік, этникалық, кәсіптік, сыныптық немесе гендерлік шекараларды қоса алғанда, тілдің қолданылуына әсер ететін әртүрлі түрдегі дискурс жүйелері арқылы адамдардың бір-бірімен қалай сөйлесетінін және түсінетінін зерттейтін пәнаралық зерттеу саласы; 2) мәдени жағынан бір-біріне ұқсамайтын тұлғалардың ақпарат алмасуы [3, 31 б.]. *Мәдениетаралық коммуникациялық құзыреттілік* - бұл тұлғаның басқа мәдениетке жататын адамдармен тиімді және сәйкес ақпарат алмасу дәрежесін көрсету үшін қолданылатын термин [4, 42 б.].

Басқаша айтқанда, *мәдениетаралық коммуникация құзыреттілігі* – бұл тұлғалардың дұрыс вербалды және бейвербалды қарым-қатынас, қарым-қатынастағы өзін-өзі ұстау стилі, өзіндік және шетелдік мәдениеттің нормалары мен принциптері, коммуникаторлардың дұрыс әрекеттері, әртүрлі контексттер туралы білімі.

Мәдениетаралық құзыреттіліктің маңызды белгілері ретінде төмендегілерді атауға болады:

- Әртүрлі мәдениеттерге бейімделу қабілеті
- Әртүрлі қоғам жүйелерімен араласа білу қабілеті
- Психологиялық стрессті жеңе білу
- Тұлғааралық қарым-қатынас орнату мүмкіндігі
- Қарым-қатынасты жеңілдету қабілеті
- Басқаларды түсіне алу қабілеті
- Бейімделу
- Оптимизм
- Өзін-өзі және мәдениетті тану
- Мәдени айырмашылықтар туралы хабардар болу
- Сақтық (мәселелерді немесе қауіпті болдырмау үшін сақ болу)
- Коммуникациялық құзыреттілік (қарым-қатынас жасау қабілеті)
- Коммуникациялық тиімділік (ойлаған нәтижеге жету тиімділігі)
- Коммуникациялық функциялар
- Жауапкершілікті бақылау
- Әңгімелесуді басқару мінез-құлықтары
- Ынтымақтастық
- Мәдени өзара әрекеттесу
- Сұраныс (ұзақ мерзімді мақсатқа бағдарлану)
- Эмпатия
- Тұлғааралық қарым-қатынаспен таныс болу
- Ашық әрі шыншыл болу
- Өзара әрекеттестікке қатысу

- Тұлғааралық икемділік
- Тұлғааралық үйлесімділік
- Тұлғааралық қызығушылық
- Этноцентризм
- Вербалды емес мінез-құлық
- Пікір көшбасшылығы
- Тапсырманы орындау
- Өзіне деген сенімділік
- Өзіндік сана
- Әлеуметтік бейімделу

Осы аталған белгілердің бәрі болмаса да бірнешеуі мәдениетаралық қатысымға түскен тұлғада болған жағдайда адам өзін мәдениетаралық күзiреттi деп есептей алады. Кез-келген шетел тiлiн меңгерген тұлға бөгде мәдениетпен таныс болғандықтан бұл қатысымның сипатын, қыр-сырын бiледi, және мәдени шиеленiске тап болғанда одан қалай жол табарын бiледi.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Мақаланы жазу мен тақырыпты талдау барысында бар ақпаратты жүйелеу, түрлі әдебиеттерден алынған материалдарды жинақтау, жүйелеу, сұрыптау тәсілдері қолданылды. Ағылшын, қазақ, орыс тілдеріндегі ақпараттарды салыстыру және салғастыру, аудару, анализдер қолданылды. Тақырып пен зерттеу нысан бойынша аналитикалық шолу және прагматикалық талдау әдістері пайдаланылды. Зерттеудің әдіснамасы мәдениетаралық қатысым теориясын зерттеген ғалымдар мен еңбектерді аналитикалық тұрғыдан шолу жасауға негізделген. Зерттеу материалдары қолданылған әдебиеттер тізімінде көрсетілген теориялық және практикалық еңбектерден, тақырып төңірегінде жазылған ғылыми жұмыстар негізінде қарастырылды.

Талқылау және нәтижелер

Жалпы мәдениетаралық қатысымның негізгі екі түрі қарастырылады: вербалды және бейвербалды.

Вербалды коммуникация деп ойлар, ақпарат, көзқарас пен пікір алмасуды атайды [5, 76 б.]. Вербалды коммуникация тілді қолдану арқылы жүзеге асады және ақпаратты ауызша немесе жазбаша жеткізу. Басқаша айтқанда вербалды коммуникация сөз, сөздік қор арқылы өз ойыңды жеткізу болып табылады. Вербалды коммуникация ауызша және жазбаша болып екіге бөлінеді. Вербалды коммуникацияның ауызша түрі сөз арқылы жүзеге асады, адамның бетпе-бет, телефон, бейне, радио, теледидар, интернет арқылы әңгімелесуі жатады. Вербалды коммуникацияның жазбаша түрінде қарым-қатынас жасау үшін белгілер мен символдар қолданылады. Вербалды коммуникацияның жазбаша түріне электронды пошта арқылы, хат алмасу арқылы жазбаша түрде өзіндік грамматикалық, жазу стилі мен эмлесі бар коммуникация жатады.

Вербалды коммуникацияның тиімді болуына әсер ететін факторлар деп мыналарды атауға болады:

- Тіл
- Сөз және сөздік қор
- Екпін
- Сөздің дұрыс айтылуы
- Сөйлеудегі кідірістер
- Қатты дауыстау
- Нақтылап айту
- Сөз таңдау

Зерттеу жұмысымыздың нысаны ретінде қарастырып, талдап, анализ жасау үшін вербалды коммуникациядан көрі бейвербалды коммуникацияны зерделеп, оның артықшылықтарын, кемшіліктерін тілге тиек етеміз. Бейвербалды коммуникация басқа коммуникация түрлеріне қарағанда анағұрлым тиімдірек деп басқа ғалымдарда, зерттеушілерде айтып жүр. Біз өз кезегімізде бейвербалды қатысымының артықшылықтары басымырақ екенін, бөгде мәдениетпен байланыс орнатқанда коммуникацияның тиімді әрі ұтымды болуы үшін коммуникацияның осы түрін қолданғанымыз дұрыс екенін дәлелдейміз. Дегенменде, оны қолдануда сақ болуды, оның өзіндік ерекшеліктері мен ұтымды тұстары бар екенінде назар аударамыз.

Бейвербалды коммуникация дегеніміз сөйлеусіз ақпарат алмасу, ауызша сөйлеуді қажет етпейтін коммуникация түрі, сөйлеушінің дене қозғалысымен қарым-қатынас жасауы [6,76 б.].

Бейвербалды коммуникация келесі үш элементтен тұрады [7]:

- *Сыртқы түр* (киім үлгісі, шаш үлгісі, ұқыптылық, косметиканы пайдалану, бөлменің көлемі, жарықтандыру, безендіру, жиһаз)
- *Дене қимылы* (мимика, ым-ишара, адамның тұру қалпы)
- *Дыбыстар тар шығаруы* (дауыс үні, дыбыс деңгейі, сөйлеу жылдамдығы).

Сөзсіз жүзеге асырылатын бейвербалды қарым-қатынас коммуникацияның үлкен пайызын құрайды. Қарым-қатынастың бұл түрі адамдардың көңіл күйін, тәжірибесін, үмітін, сезімдерін, ниеттерін, сонымен қатар қарым-қатынас жасаудың моралдық және жеке қасиеттерін түсінуге мүмкіндік береді.

Бейвербалды коммуникацияның артықшылықтары мен кемшіліктерін қарастырып көрейік. Негізі, ғалымдар олардың бірнешеуін атап өтеді, дегенменде, зерттеу нәтижесі ретінде біз өз пайымдауымызды беріп, өз тарапамыздан жасалған зерттеулерге сай төмендегі артықшылықтары мен кемшіліктерін негізгі деп атап көрсетуді жөн көрдік.

Бейвербалды коммуникацияның артықшылықтары:

1. Толықтырушы қасиеті: Бейвербалды белгілер вербалды хабарды немесе ақпаратты оған мағына беру арқылы толықтырады. Мәселен, ренжітіп алған адамыңызды кешіріңіз деген мағынада арқасынан қақсаңыз болады.

2. Көрсетуге жеңілдігі: Бейвербалды коммуникация түрінде ақпаратты немесе хабарды визуалды, аудио немесе оданда басқа дыбыссыз құралдар көмегімен көрсету арқылы бере аласыз.

3. Ауыса алу қабілетінің болуы: Бейвербалды коммуникациядан вербалды коммуникацияға ауыса алуы, әсіресе, қатты шу болғанда, түрлі себептермен үзіліп қалғанда, арасы қашық болғанда. Мәселен, тынышталыңыз дегеннің орнына ерінге саусақты қойып көрсетіп тыныштандыру, ия деп жауап берудің орнына басты изеу сияқты [8].

4. Екпін түсіру: Вербалды коммуникацияны атап көрсету мақсатында, керекті сөзді нақтылау мақсатында жиі қолданылады.

5. Қайталау: Ауызша хабарламаны қайталау үшін қолданылады. Мәселен, бағыттарды хабарлауда сол бағыттарды қолмен көрсету, меңзеу.

6. Сауаты жоқ адамдарға көмекші құрал: Қарым-қатынастың бұл түрі ым-ишара, қимылмен бет арқылы ымдау, көзбен көрсету, қолымен ұстау арқылы ақпарат жеткізетіндіктен ешқандай ауызша немесе жазбаша сөз алмасуды қажет етпейді, бұл өз кезегінде сауатсыз адамдарға қиындық тудырмайды. Демек, олар үшін пайдалы байланыс түрі болмақ.

7. Мүгедек адамдарға көмекші құрал: Бейвербалды коммуникация әсіресе құлағы естимейтін адамдарға көп көмегін тигізеді. Олар ақпаратты саусақтар, қол, көз қимылдары арқылы алмасады.

8. Тартымды презентация: Бейвербалды коммуникация көрнекі құралдарға, суреттерге, графика мен белгілерге негізделіп жасалады, сондықтан қабылдаушыға тартымды болады.

9. Уақыттың текке кетпеуін қамтамасыз етеді: Бейвербалды коммуникация қабылдаушыға өте жылдам жетеді, сол себепті ақпарат жеткізушінің алтын уақытының босқа кетпеуін қамтамасыз етеді.

10. Хабарламаның жылдам жеткізілуі мен қабылдануын қамтамасыз етеді: Ауызша немесе жазбаша хабарламаларға қарағанда бейвербалды коммуникация қабылдаушыға жылдам жеткізіледі және қабылдаушы оны жылдам түсінеді, өйткені ол хабар жеткізуде символдар, белгілер қолданады.

Бейвербалды коммуникацияның кемшіліктері:

1. Анық әрі нақты емес: Бейвербалды коммуникация анық әрі нақты емес, өйткені коммуникацияның бұл түрінде қабылдаушыға нақты мағына беретін сөздер немесе тіл қолданылмайды. Ешбір сөздік бейвербалды коммуникация бойынша ақпарат немесе анықтама бере алмайды, олардың мағынасы мәдениет пен мәнмәтін аясында ғана емес оны қабылдау деңгейіне қарайда түрленіп отырады.

2. Үздіксіз коммуникация: Вербалды коммуникацияны сөйлеуді кез келген уақытта тоқтатуға болады, бірақ бейвербалды коммуникацияны тоқтату әдетте мүмкін емес. Сөйлеу тілінің құрылымы болады, оны қолдануда грамматикасының өзгергенін анықтай аламыз, ал бейвербалды коммуникацияда ондай талдау жасай алмаймыз.

3. Көп каналды\арналы: Бейвербалды коммуникацияда сөйлеушінің көз қимылына қарап отырып қол қимылының мағынасын

жіберіп алуыңыз әбден мүмкін. Барлығы бір уақытта бірден орын алатындықтан, бәрін бақылап, ұғынып отыру қиынға соғуы мүмкін. Барлығы бірден орын алатындықтан үлгеруге тырысып әбден шатасу қаупі бар.

4. **Мәдени таңбаланған:** Бейвербалды коммуникация түрлері мен оны қолдану мағынасы сізге бала кезіңізден сіңіп, оны ата-анаңыз немесе танысыңыздан сізге өтуі мүмкін. Тек кейбір ым-ишаралар барлық мәдениетке тән болуы мүмкін, бірақ барлығы емес. Бір мәдениетте оң немесе дұрыс деп саналатын қимылдар басқа бір мәдениетте теріс немесе бұрыс болып көрінуі мүмкін. Сондықтан бейвербалды коммуникацияда ақпарат алмасу мәдени таңбаланған болуы мүмкін.

5. **Ұзақ әңгімелесу мүмкін емес:** Коммуникацияның мұндай түрінде адам ұзақ хабар алмаса алмайды. Ешқандай тарап қажетті немесе маңызды мәселелерді егжей-тегжейлі талқылай алмайды.

6. **Түсіну қиын:** Коммуникацияның мұндай түрінде сөз мағынасын бірден түсіну қиын, көп қайталауды қажет етеді. Сөйлеу барысында дене қимылдарын қолданатындықтан ол кез-келген адамға түсінікті бола бермейді.

7. **Барлығына ұнай бермейді:** Бейвербалды коммуникацияны барлық адам қолдай бермейді. Бұл коммуникация кейде тыңдаушыға әсер қалдыра алмайды, әрі барлық жағдаяттарда қолданыла бермейді. Оның ықпалы аз, оны қоғамдық байланыс құралы ретінде пайдалану мүмкін емес.

8. **Бейресми:** Бейвербалды коммуникация басқа коммуникациялар сияқты ешқандай ережелерді, ресмилікті немесе құрылымды ұстанбайды. Көп жағдайда адамдар бейвербалды коммуникацияға саналы түрде нақты дене қимылын қолдану арқылы түспейді, ол әр жағдайда әртүрлі болуы ықтимал.

9. **Қымбат коммуникация түрі:** Кейбір жағдайларда бейвербалды коммуникация үлкен шығынды талап етеді. Мәселен, бейвербалды коммуникацияда қолданылатын көрнекіліктер, презентациялар, құрылғылар, аудио-визуалды байланыс коммуникацияның басқа түрлеріне қарағанда қымбатқа түседі.

10. **Ақпарат бұрмаланады:** Коммуникацияға түсу үшін дене қимылдары, бет қимылдары, көз, қолмен ұстау, белгілер, дыбыстар сияқты қатысым түрлері қолданылатындықтан ақпаратты бұрмалау мүмкіндігі үлкен.

Вербалды және бейвербалды қатысымды түсіндіріп, олардың сипатын ашып, мұндай коммуникация түрлеріне тән қасиеттерді сипаттап, артықшылықтары мен кемшіліктерін сараптай келе, олардың айырым белгілерінде айтып өтуді жөн санаймыз. Келесі кестеде осы екі коммуникацияның айырмашылықтарын беруге тырыстық.

Кесте 1. Вербалды және бейвербалды коммуникацияның айырмашылықтары

<i>Вербалды коммуникация</i>	<i>Бейвербалды коммуникация</i>
Сөз, сөздік қор қолданылады, грамматикалық және стилистикалық тұрғыдан әрленеді.	Сөз немесе сөздік қор қолданылмайды, ақпаратты сөздің көмегінсіз алмасады.
Айтатын ойынды, пікірінді алдын ала жоспарлап, ойластырып, белгілі бір құрылымға сәйкестендіріп жеткізесің.	Белгілі бір құрылымы жоқ, бірден орын алады.
Хабар алмасуда сөз, сөз тіркестері, сөйлем қолданылатындықтан коммуникацияның қабылдау, түсіну оңай, адресаттың ойы айқын.	Коммуникация барысында белгілер, дене қимылы, дыбыс және тағы басқа құралдар қолданылатындықтан ақпаратты түсіну оңайға соқпайды.
Тілі ресми болып келеді.	Тілі бейресми болып келеді.
Сөйлеуді кез келген уақытта тоқтатуға болады.	Сөйлеуді кез келген уақытта тоқтату әдетте мүмкін емес.
Коммуникацияның жазбаша түрінде хабарды қайта-қайта қарауға, талдауға, кейінге қалдырып оған қайта қайтып келуге болады.	Коммуникация барысында дене қимылы мен ым-ишара жағдаятқа байланысты бір рет қолданылып, ұмыт болады.
Ақпараттың 30-40 пайызы қабылданады.	Ақпараттың 60-70 пайызы қабылданады.
Ақпарат мағынасы толығымен түсінікті болады, пікір алмасу жылдам әрі бірден орын алуы мүмкін.	Сөйлеушінің эмоциясы, жай-күйі, жағдайын түсіну орын алады. Ақпаратты түсіну уақытты талап етеді.
Коммуникация желі арқылы, телефонмен, хат- хабар алмасу арқылы немесе бетпе-бет орын алады.	Коммуникация бір немесе бірнеше тараптың тікелей қатысуымен ғана орын алады.
Коммуникация орын алуы үшін нақты ой, жоспар, ережеге сүйенеді.	Ешқандай ережелерді, ресмилікті немесе грамматикалық, стилистикалық құрылымды ұстанбайды.
Коммуникация бір каналды\арналы, сөйлеуші сөздерді дыбыстау арқылы ақпарат алмасады.	Коммуникация көп каналды\арналы, дене қимылы, ым-ишара, дауыс екпіні, қозғалыс қолданылады.
Саналы, нақты, тоқтаулы процесс.	Алдын ала ойластыра алмайтын, дайындықсыз, үздіксіз процесс.

Бейвербалды коммуникацияны түсініп алған соң, тағы бір зерттеу бағыты ретінде бөгде мәдениет өкілдерімен оны тиімді әрі ұтымды пайдалану мақсатында, қарым-қатынасқа түскен тұлғалармен шиеленіске келіп қалмау үшін кейбір практикалық кеңестерді ұсынамыз.

Бейвербалды коммуникация сәтті болуы үшін:

- Киім үлгісіне көңіл бөлгеніңіз абзал, коммуникация жағдаяты мен түріне сай киінгеніңіз жөн.
- Коммуникацияға түспестен бұрын қай ұлт өкілімен байланыс орнатасыз, сол ұлттың мәдениетіне тән дене қимылдары, ым-ишара қабылданған екенін пысықтап қарап алыңыз.
- Коммуникация барысында арақашықтық мәселесіне де көңіл бөліп, арнайы әдебиеттерді қараңыз.
- Бейвербалды коммуникацияда барлық мәдениетке тән универсалды, мағынасы бәріне мәлім позитивті ым-ишара мен дене қимылдарын қолдануға тырысыңыз, басқаларды білместіктен ренжітіп алудан сақтанасыз.

- Бейвербалды коммуникацияның көзбен қадағалау, уақытты тиімді жұмсай білу, арақашықтықты сақтау, дауыс ырғағы сияқты түрлерін ұстануды естен шығармаңыз.
- Бейвербалды коммуникация коммуникацияға түсіп отырған тұлғалармен жақын қарым-қатынас жасауға, оң ықпал етуге, эмоцияңызды қадағалауға, коммуникация барысын сөзсіз бақылап отыруға тиімді екенін ұмытпаңыз.

Қорытынды

Бөгде ұлт өкілдерімен қарым қатынас орнатуда вербалды және бейвербалды коммуникация түрлері сөзсіз орын алады. Әр коммуникация түрінің өз ерекшеліктері бар, әрине вербалды коммуникация түрі қай кезде болсын мағынасы терең, екі жақты, тиімді әдіс болып қала бермек. Бейвербалды коммуникация өз кезегінде ғалымдардың дәлелі бойынша тиімдірек, қабылдауға жеңіл, ешқандай ресмилікті қажет етпейтін, жақын қарым-қатынас орнатуға тиімді. Біздіңде мақсатымыз коммуникацияның осы екі түрін зерттеп, зерделеп, мәдениетаралық құзіреттілікті қалыптастыруда, мәдениетаралық қатысым жасауда тиімдісін анықтап, кеңестер беру болған еді. Мәдениетаралық құзіреттілікті дамыту үшін арнайы білім қажет және оны меңгерген әрбір тұлға құзіретті бола бермейді. Университет білім бағдарламасында мәдениетаралық коммуникация теориясы мен практикасы және соған қатысты пәндер саны көп, міндетті болып отыр.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Исабеков С.Е. Зарубежная межкультурная коммуникация // Сб.статей. – Алматы: КазУМОиМЯ имени Абылай хана, 2013. – С. 5-8.
- [2] Құнанбаева С.С. Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы. – Алматы, 2010. – 324 б.
- [3] Volodymyr Goshylyk, Natalya Goshylyk. A Glossary of Intercultural Communication. Ukraine. Ivanovo-Frankivisk, 2010.
- [4] Myron W., Lustig Jolene Koester. Intercultural Competence. Intercultural Communication across Cultures. USA, 2010
- [5] Воркачев С.Г. Лингвоконцептология и межкультурная коммуникация: истоки и цели. Филологические науки. –2005. –№4. –С.76-83.
- [6] J Edward T. Hall and the History of Intercultural Communication: The United States and Japan by Everett M. ROFERS William B. HART Yoshitaka MIKE, Keio Communication Review No. 24, 2002
- [7] <https://content.wisestep.com/verbal-nonverbal-communication-important-workplace/>
- [8] Donna M. Stringer and Patricia A. Cassidy. 52 Activities for Improving Cross-cultural Communication. Intercultural Press. London, 2009

REFERENCES

- [1] Issabekov S.E. Zarubezhnaya mezhkulturnaya kommunikatsia (Foreign intercultural communication) // Sbornik statei. Almaty: KazUMOiMYA imeni Ablai khana, 2013. P. 5-8. [In Rus.]
- [2] Kunanbaeva S.S. Kazirgi shettildik bilim berudin teoriasy men praktikasy(Theory and practice of modern foreign education). Almaty, 2010. 324 p. [In Kaz.]

- [3] Volodymyr Goshylyk, Natalya Goshylyk. A Glossary of Intercultural Communication. Ukraine. Ivanovo-Frankivisk, 2010
- [4] Myron W., Lustig Jolene Koester. Intercultural Competence. Intercultural Communication across Cultures. USA, 2010
- [5] Vorkachev S.G. Linguokonseptologiya I mezhkulturnaya kommunikatsia: istoki I seli (Linguoconceptology and intercultural communication: origins and goals) Philologicheskie nauki 2005. №4. s.76-83. [In Rus.]
- [6] J Edward T. Hall and the History of Intercultural Communication: The United States and Japan by Everett M. ROFERS William B. HART Yoshitaka MIKE, Keio Communication Review No. 24, 2002
- [7] <https://content.wisestep.com/verbal-nonverbal-communication-important-workplace/>
- [8] Donna M. Stringer and Patricia A. Cassidy. 52 Activities for Improving Cross-cultural Communication. Intercultural Press. London, 2009

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ, ВИДЫ И ХАРАКТЕРИСТИКИ

*Оразбаева А.С.¹

*¹Магистр, старший преподаватель,
Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Алматы, Казахстан
e-mail: Alima.oralbayeva@gmail.com

Аннотация. В представленной статье рассматривается и анализируется понятие межкультурной коммуникации, ее виды и особенности, которая становится необходимой и важной предпосылкой жизнедеятельности человека, с которой сталкиваются при изучении языка и при соприкосновении с разными культурами. Также рассматриваются основные понятия и актуальные вопросы, такие как: межкультурная коммуникация, два ее основных вида, вербальная и невербальная коммуникация, их природа, особенности, их различия, межкультурная коммуникативная компетенция. В рамках этой темы написано много работ и проводятся исследования. Мы вносим свой вклад в эту область, анализируя данную проблему с практической точки зрения и иллюстрируя научные концепции простым языком. Цель статьи – рассмотрение важных особенностей, предпосылок, которые необходимо учитывать для эффективного межкультурного общения при подготовке специалистов иноязычных специальностей. В статье мы пытаемся выяснить, являются ли такие термины, как межкультурная компетенция и межкультурная коммуникативная компетенция, одним и тем же понятием или это разные понятия, выявляем различия вербальной и невербальной коммуникации и устанавливаем, какие из них оказывают наибольшее влияние на эффективность коммуникации.

При анализе объекта исследования, представленного в статье, использовались методы описания, систематизации, сравнения и сопоставления, сортировки, суммирования, прагматического анализа. Методология исследования основана на аналитическом обзоре работ ученых, изучавших теорию и практику межкультурной коммуникации. Тема, объект исследования, рассматриваемые в статье, важны с теоретической и практической точки зрения, причина этого в том, что они будут наглядным обоснованием для студентов и обучающихся при изучении теории и практики межкультурной коммуникации, основы межкультурной коммуникации.

В статье определены термины, такие как: межкультурная коммуникация, межкультурная коммуникативная компетенция, вербальная и невербальная коммуникация, описаны их основные характеристики, степень эффективности, что, в свою очередь, рассматривается как результат работы. В ходе исследования даны практические советы о том, какой вид вербального и невербального общения эффективен, от чего зависит характер

общения. Рассмотренные в статье понятия представляют собой ценный труд, который поможет студентам и магистрантам легко освоить теорию и практику межкультурной коммуникации, раскрыть тему на семинарах, прочувствовать различия двух видов коммуникации, определить основания двух типов общения.

Ключевые слова: межкультурная коммуникация, межкультурная компетенция, вербальная коммуникация, невербальная коммуникация, контекст, культурно обусловленная лексика, язык тела, жесты

SOME ISSUES OF INTERCULTURAL COMMUNICATION, MAIN TYPES AND FEATURES

*Orazbayeva A.S.¹

*¹MA, senior lecturer,

Kazakh National University by al-Farabi,

Almaty, Kazakhstan,

e-mail: Alima.ozbayeva@gmail.com

Abstract. The article under research deals with intercultural communication, its types and features which is very topical in language learning and when confronted with foreign cultures today. The article discusses the key issues as intercultural communication, intercultural communication competence, two main types of cross-cultural communication: verbal and non-verbal communication, their features, differences. The topic of intercultural communication is discussed and researched time by time by many scholars. Our aim is also to analyze intercultural communication from the practical perspective, and to give our contribution to the field. The aim of publication is to discuss and differentiate the important features, preconditions, types of intercultural communication in training linguists to communicate interculturally. The article highlights the essence of intercultural competence, intercultural communication competence, difference between verbal and non-verbal communications, which type of communication is effective in communicating with foreign cultures.

The research methods are descriptive, comparative and contrastive, analytical, pragmatic analysis. The research methodology is analytical research review of the works of scholars who dealt with intercultural communication theory and practice. The research topic, research object and research materials are significant from the theoretical and practical aspects with the reason of the article helpful tool for young researchers, language learners, students.

The authors try to define the terms intercultural communication, intercultural communication competence, verbal and non-verbal communications. At the same time, the features, characteristics, effectiveness degree, practical recommendations are suggested as the research results. The researchers give practical tips to use verbal or non-verbal communication when communicating with foreign cultures. The practical approach to deal with the topical theme facilitates students, master course students when preparing to the seminars, to feel the difference between communication types, to master theory and practice of intercultural communication.

Keywords: intercultural communication, intercultural competence, verbal communication, non-verbal communication, context, culture-specific vocabulary, body language, body movements

Статья поступила 11.12.2022